

ҚАЗ2

688

ҚАНИПА БҰҒЫБАЕВА

Шүгелмалы шакъ





КАНИПА
БҰҒЫБАЕВА



ЖЫР КІТАБЫ

АЛМАТЫ
«ЖАЗУШЫ»
1990

**ББК 84Каз7—5
Б 88**

Редактор Б. Ысқақов

Пікір жазған Ж. Бөдешев

**Б 4702250202—065
402(05)—90 89—90**

ББК 84Каз7—5

ISBN 5-605-00591-X

 «Жазушы» баспасы, 1990

БІРІНШІ БӨЛІМ



БҰЛБҰЛ ЖҮРЕК

**Көктем кеп көңілімді көрікті етер,
Балбырап бойынан күш, ерік кетер.
Наурыздың қарындай боп қайғым менің
Көп жаттай, күн көзімен еріп кетер.**

**Кеудемде қалғымай тек алқын, жүрек,
Сыр айтып сұлулыққа талпын, жыр ет.
Келеді серуен құрғым ай астында,
Алдынан жел есіп бір «алтын күрек».**

**Ушар ем қанат бітсе, шіркін, маған,
Осынау түнгі аспанға тың тыңдаған.
Талып бір әлдеқайдан құлағыма
Аққудың келеді үні сұнқылдаған.**

**Көзінен жұлдыздардың алып ұшқын,
Жұлдызға келеді бір жанып ұшқым.
Бұл әлде көктем күткен көңілдегі —
Арман мен әні ме екен сағыныштың?**

**Сәт сапар, не болса да, тілеп түрдым,
Алтын ай — ақ шабағы түнек-түннің.
Қосылып көктем-күйге сайрағандай
Бұлқынып кеудемдегі жүрек бұлбұл!**

* * *

Сұрадың «кімге үқсайсыз сіз?»— деп менен,
Өмір — теңіз толқынын тізбектеген.
Шынымды айтсам, шуы үқсас көп толқыннан
Өзімді-өзім таба алмай іздеп келем...

Бұл сөзіңе келмейді өхпелегім,
Таныс емес дауысым көпке менің.
Бағалаймын, бірақ та басқаға емес,
Өзіме-өзім үқсасам деп келемін.

Адамзатпен қашанда жарқын әлем,
(Адам болып қалуға талпынар ем.
Өзімді-өзім тапқан соң, қасиетті —
Үқсағым кеп тұрады халқыма мен!

Елімменен жараган егіз жаным,
Жан-жүректің толқыны — ең ізгі әнім.
Халқым — теңіз мен соның тамшысымын,
Сол тамшыдан біле бер теңіз дәмін.

Жаза алмаспын,
жазармын уақыт жырын,
Кекжиекке кетпесе батып күнім.
Туған халқым болады топырағым,
Топырағыма үқсасам, бақыттымын!

ЖУРЕГІМНЕҢ ҚӨРІНЕДІ БАР ӘЛЕМ

Сырға толы әр сағатым, әр күнім,
Әр күнімнің қабылдаш сый, тартуын,
Мен өмірге бөліп бердім, таратып
Кеудемдегі бір жүректің жарқылын.

Ақку болып көкірегімнен ұшты үнім,
Сездім өмір суығы мен ыстығын.
Тұған елге бөліп берем, шашу ғып
Шуағы мен жүргегімнің ұшқынын!

Ояу жатын, ой толқынын өрдім көп,
Құнім күліп, тұrsa мәңгі жер гүлдең.
Маған деген көңілі ақ жандардың
Тұрам ылғи қуанғанын көргім кеп.

Тіршіліктің таттым балын, бар уын,
Қайда жүрсем, болды тілім қаруым.
Жан-жағыма төгіп келем жалынды —
Жүргегімнің жылұы мен жарығын.

Құн көзін ап көкірегіме қара, кел,
Тауып берші жанымдағы жарага ем.
Жер-шарының картасына ұқсал бір
Жүргегімнен көрінеді бар әлем...

Ғарыштарға саяхатты шексем көп,
Тұған жерге тисе сосын өкшем кеп.
Армандаимын, жердегі бар адамға
Адамға тән жүрек сыйлас кетсем деп.

* * *

Бұл дәуір қандай дәуір, қын дәуір,
Жатқандай жасын ойнап миымда бір.
Жүргім жүрек емес, құйын-дауыл,
Жеткізем тілмен қалай күйімді ауыр?

Дәуірге бауыр басқан, ау, ағайын,
Көңілім — көктемдегі бала қайың.
Бағады бүршік-жанаң жапырағы
Алмасқан әрбір таңың ауа райын.

**Жапырак берер дерек бүкіл жерден,
(Бүкіл жер алақаннан күтім көрген.)
Қараймын қорғасын бұлт жер-аспанға —
Арасын үрей көмген, түтін көмген.**

**Жер үстін кезіп жүрген құйын бардай,
Қан тасып, миыма кеп құйылғандай.
Арбасып, арпалысқан осынау бір
Дәуірде өмір сұру қын қандай?!**

**Кім кетпей жатыр дейсің, кімдер келіп,
Барады күлетін шын күндер жеміп.
Тынысын тынымы жоқ тіршіліктің
Адамның ақыл-ойы түр мәңгерія.**

**Біз бәрін біліп туып, түсінгеміз,
Болады болашаққа ісім негіз.
Күреспен өмір сүріп жүргендейміз
Милардың миллион қабат ішінде біз.**

**Бұл біздер өмір сүрген қын дәуір,
Салмақ бар жүрегімде, миымда ауыр.
Үршықтай зыр айналған жердің шары
Айналып бара жатыр құйынға бір...**

ЖЕР ДЕГЕН...

**Болатын күтуге де, түтуге де,
Жер деген тұтас жатқан бүтін дене.
Сен оны сатып алған жоқсың, жаным,
Бөлшектеп, жердің бетін түтіндеме.**

**Шеңгелі бар жердің де, шынары бар,
Шырылдал, шындықтан бұл кім арылар.
Орманды, тау-қыратты барлық жердің
Тұлкісі, жолбарысы, қыраны бар...**

Алуға табиғаттың бермесін көп,
Бойдағы терім — қаным жерге сіңбек.
Мен үшін жүрегі бар адамзаттың
Бәрін де сүйер едім жерлесім деп.

Тапқым кеп «ауру жердің» мен бір емін,
Адамзат әлеміне жол жүремін.
Күнгे ұқсап, сүйем барлық болмысымен,
Бөлшектен, бөле алмаймын жер жүрегін.

Келеді қызым өсіп, ұлым өсіп,
Ашсам деп арманының шынына есік.
Көгіне алтын күннен қоңырау таққан,
Жер деген — төрбер бәрін ұлы бесік!

«Сен, мен» деп бөлінгенді мен кешпеймін,
Мінезің кеңдікке бұл көнбес, мейлің.
Тілекпен шекараaszыз, арманы бір —
Адамды жердегі бар — жерлес деймін.

Жер деген — жүрегі бір ортақ а남,
Тағдырды арқасына арқалаған.
Мәңгілік өлтірместен, болашақтың,
Желісін жер бетіне тартады адам.
Жер деген — жүрегі бір ортақ а남!

ҚӨТЕРІЛУ ЖЫРЫ

Жаның ашып өміріме, қарағым,
Айтып бір сөз, неге ұзак қарадың?
Женіл болсам, көтеріліп кетер ем,
Күннен-күнгे ауыр тартып барамын.

Өсер көктеп жас шыбықтан жыр — шынар,
Бар тіршілік өсу үшін құлшынар.

**Қайдан білдің? Қозғап көріп, ешкімнің
Көтеруге күші жетпей жүр шығар...**

**«Көтермеді»— деп мен бе екем тұншығар,
«Жаңылмасын тізімінен сыншылар)
Ешбір көпшік, еш алақан көтермей,
Көк жүзіне көтеріліп Құн шығар!**

**Белгілі ғой ұшпайтындар ұраны,
Басқалардан көріп бәрін тұрады.
Шырқау көкке көмек, жәрдем сұрамай,
Көтеріліп ұшады тау қыраны.**

**Тағдырыма өкпе-назым жоқ менің,
Әлі де алда жетпегім мен жеткенім.
Әлдебіреу көтеретін**

мен деген

Жолда жатқан бір кесек тас деп пе едің?

**Көтерілем күнге сапар шегерде,
Көтерілем жырдан шуақ төгерде.
Мен сенбеймін биіктесің дегенге,
Тұған елі көтермесе егер де...**

**Соқсын тынбай бар әлемнің жүрегі,
Жүрегімде елім өмір сүреді.
Тіршілігім тоқтайтындей,**

табаным

**Тұған жерден көтерілсе бір елі!..
Жүрегімде соғады жер жүрегі.**

ОН ЕКІ БАЛ

Он екі бал, қай күш оған шыдайды,
Далаға шық — үй үстіңе құлайды.
Осы жайлы сырттан хабар естіп кеп,
Сары уайым салып тұрған сыңайлы...

Жер сілкінсе, қайда аяқты тіреймін?
Шалғайынан бір ой ұстап бір ойдың,
Алдын-ала сары уайым салып тұр,
Жел соктырып үңгірінен үрейдің.

Он екі бал асау аттай бұлқынып,
Сілкінеді, жал-кеқілі бұлт іліп.
Далаға қаш — тау үстіңе құлайды,
Көк теңіздей жер туласа сілкініп.

Қаш деп мені үгіттейсің бекерге,
Қашып жүріп мақсатыма жетем бе?
Екі аяқты адаммын ғой, сонда мен
Жерден қашып, құс бол ұшып кетем бе?

Қаш, қаша бер, қашқың келсе егер сен,
(Қашқандарға не боламын, мен ерсем.)
Қашпаймын мен, «көппен көрген ұлы той»,
Жермен, елмен бірге көрем, не көрсем...

Аяғымда кісен, қолда жоқ шынжыр,
Кенет көзді жұмсам, болар жоқшым — жыр.
Сілкінген бұл жерде тұрып,
 жүрегім
Faфур Ғұлам жүрегіндегі соқсын бір...

Үрей билеп қарамаймын әр таңға,
Кару тасып жатқан жұлдыз, Шолпанға.
Соғысынан қорықпап ем адамның,
Табиғаттың «соғысынан» қорқам ба?

Бүкіл әлем кеудесінде бір тыныс,
Тағдыры бір адам туыс, құн туыс.
Жерде емес, жүріп жатқан сияқты
Жүргегімде он екі бал сілкініс.

Жанартаудай жүректегі алаумен,
Жұлдыздарын тұнгі аспанның санаумен,
Сілкіністен қашпай, тұрған қүйімде
Туган жерде тау бол қатып қалам мен!

ЛЕНИННІҢ ХАТТАРЫ

Өмірдің ашылып ақ таңы,
Көңілмен көңілдер туысып,
Лениннің — көгершін хаттары
Көгімде көктемдей жүр ұшып!

Революция жапырақтары
Жанбады үстіне түсіп оқ.
Коргады Лениннің хаттары
Әділет, еркіндік құсы бол.

Россия махаббаттары,
Сезімді азырақ ұстандар.
Күрескер Лениннің хаттары
Береді жауапты нұқсаулар!

Адамзат ансары, атабы
Ақынға Ұсынды тақырып.
Тоқтамай Лениннің хаттары,
Тұрды елді күреске шақырып.

Өмірдің болып от-шақпағы,
Пісіріп жер-ана толғағын,
Жалғаған Лениннің хаттары
Революция жолдарын.

**«Патшалық» құлаған тақтағы,
Жыр өзге, бүгінгі күй өзге.
Жол шегер Лениннің хаттары
Съезден алдағы съезге...**

**Жыр өзге осынау шактағы,
Естілер есімім жаңғырып.
Жазылар Лениннің хаттары
Жүректен жүрекке мәңгілік.**

**Әлемнің баянды ақ таңы
Атты да, қонды кеп қолға күн.
Лениннің тарихи хаттары
Құрады ұлылық томдарын,
Қөрсетіп күрестің жолдарын.**

**Әлемнің болып жыр, мақтаны,
Әр елдің кеудесі нұр құшып,
Лениннің көгаршын хаттары
Барады мәңгілік күнге ұшып.**

**Күн шығып түнекті тағдырдан,
Адамның атқанда ақ таңы,
Аманат етіп бір қалдырған
Данаалық жапырактары.**

**Октябрь жеңісі, ақ таңы
Әлемнің әнімен тұысып,
Лениннің жазған хаттары
Көгімде Күн болып жүр ұшып!**

АНА ТІЛІ

Өмір сүрдім, жерді бастым, күн көрдім,
Таласпақын бақытына кімдердің?
Өзім білген ана тілін ақ уыз
Мен анамның ақ сүтімен бірге емдім.

Жетпес жерге тілімменен жетермін,
Жалғап тұрар тіл — көпірі екі елдің.
Өзге тілді үйрендім де өмірден,
Өз тілімді біліп туған екенмін.

Бұл сөзіме айта қоймас халқым сын,
Тілсіз тұрған көрінеді салқын шың.
Досым менің ұғам десе жанымды,
Тілімді осы түсінуге талпынсын.

Тәй-тәй басып, тілім шығып күн көрем,
Тілім барда табынамын кімге мен?!
Өмірде бір өз тілімді білсем, дос,
Өзге тілді үйренуге үлгерем.

Тілім деймін бірлік басын, құт басын,
Жанымды жат ұқсын, мейлі, ұқпасын.
Аман келген менің ана тілімді
Уақыт аузы жайын болып жүтпасын...

Көкірегіме құйып әппақ таң нұрын,
Таң нұрымен көзін ашар жан жырым,
Келетүғын күнім менің өртөңгі —
Тілім менің болады бар тағдырым!

Тілім сырым, таң сәулелі ерке әнім,
Келер күнгө тіл керуенін тартамын.
Тасқын-шумен ұмытуға тілімді
Мен анамның ақ сүтінен қорқамын.

СОЛДАТ ҚАСКІСІ

Шертіп өткен шежірелер жайлы көп,
Көңілдерді шарпығандай қайғы кеп.
Музейде тұр солдаттың бір қаскісі,
Қасіретін сүм соғыстың әйгілеп.

Әрт соғыстың жағып жерге шақпағын,
Тұнек етіп жас өмірін, ақ тацын,
Жау қолдары бір солдаттың басына
Бірнеше оқты қөріп тұрмын атқанын.

Бас киімге уақыт болар бас куәм,
Құлағанда басы айналып жас қыран,
Үнсіз, тыныш бөлмеде тұр,
Шығып кеп
Бүршақтаған оқ пен оттың астына...

Айнымаган туған жердің тасынан,
(Оқтың исі, қаниның исі сасыған.)
Қаскіменен мынау жарық дүние
Ұшып кетті екен кімнің басынан?

Найзагайлы шарнылып бір өрт күймен,
Жаралы ер көкірегіндей кек түйген,
Музейде тұр солдаттың сол қаскісі
Үқсал жұмыр жер шарына оқ тиген!

ӘКЕМ ҰШІН...

Женіс жайлы жырлар жазу — бұл міндет,
Жалынына жылынамын сырдың көп.
Әкем маған суық қарап, айтатын —
Тумай жатып мені алысқа қудың деп.

Еске түсер балалық шақ, бір сағым,
Сол күнгі із, қабағымда тұrsa мұн.
Әке ойынша «өртті өшір, тез жет»— деп,
Мен шешемнің тепкілеппін құрсағын...

Қиял желін ұстаймын деп қудым көп,
Ақ бұлаққа ақ жүзімді жудым кеп.
Әкем маған сұық қарап, айтатын
Соғыс қызып тұрған кезде тудың деп.

Жәнгелері бұл әзілге құлсе де.
Қағатұғын бір сөзіне бір шеге.
Ұрсатын кеп сол сұрапыл соғысқа
Мен кінәлі емесімді білсе де.

Ұмытылған, өтіп кеткен жылдар көп,
Мазалайды, ойыма отты жырлар кеп.
Әкем менің жылы қарап ініме,
Айтатұғын жеңістен соң туған деп.

Қаһарланса, жолбарыстай ақырып,
Тағы жауға шабатындай атылып,
Әкем менің көтеретін інімді,
Туған жерге сол алғандай шақырып.

Уақыт солай болса, біздер не етерміз,
Өтер көктем, өтер жаз бен өтер күз.
Әкем үшін ескерткішке айналдық,
Соғыс, Женіс перзенті бол екеуміз...

* * *

Әмір деген — арты өкініш, алды үміт,
Асырады күн мерейін түнгі жыр.
Туған айдың жүзіменен жаңырып,
Құлағыма келеді ылғи бір дүбір.

Шаңын қосып бір тау менен бір таудын,
Жүйрік желге уақыт мініп шапқандай.
Тасқа тиген тұяғынан тұлпардың
Жарқ-жүрк етіп жұлдыз ұшып жатқандай

Қалай өмір сүрем сүймей, таңданбай,
Қонып жатыр үлбіреген гүлге шық.
Ұшады уақыт қанат байлап алғандай,
Жүргегімнің соғысымен үндесіп.

Түнді серпіп, етейінші күнді жыр,
Табиғаттай тазалыққа бас ұрдым.
Маған ылғи естілетін бір дүбір —
Дүбірі ме, келетін жас ғасырдың?

ТЫНЫҚ МҰХИТЫ ҮСТИНДЕГІ ТІЛЕК

Адам тағдыр, жер мен күндей тоғыстым,
Екпінімен уақыттай ағыстың.
Азияға азынатқан от-дауыл
Тынық мұхит, мұхиты емес соғыстың.

Жарық дүние, жарық күнім, ізгі анам,
Тіршілікке кеудесі иіп, сыйдаған.
Ұйқыдағы толқындарын мазалаң,
Тынық мұхит тыныштығын бұзба, адам!

Жұлдыз қақсын тынық мұхит есігін,
Қателікке болмайды ешбір кешірім.
Жер атты ұлы планетаның үстінде
Тербел тұрсын тыныштықтың бесігін.

Жер — ортақ үй, шаңырағым, аспаным,
Аспанымнаң өрт шықпасын қас-қағым.
Тынық мұхит қорлық көрген анадай
Жыламасын, жерге жайып шаштарын.

**Тағдыры бір адам — әлем, дәуірдің,
Тарих бастан кешпесе екен ауыр күн.
Айқайлаймын, айналмасын бейmezгіл
Тынық мұхит мұхитына дауылдың!
Белгісі боп тұрсын бейбіт дәуірдің.**

**Күнім тауға күмістен зер жалатсын,
Калықтайын, қиялға алып қанат шын.
Тыныш жатқан Тынық мұхиты үстінде
Оқ атылмай, бейбіт, тұнық таң атсын!**

ШЕГЕ

**Шығып жатыр кереметтен керемет,
Соның бәрін айтып-айтпай, не керек?
Оқушыма арман, тілек, ойымды
Аз сөзбенен берсем деймін шегелеп.**

**Аз сөзбенен үлкен ойды ұқтырып,
Армандаимын, кірпігіме шықты іліп.
Көп нәрсені ұстап тұrap жібермей
Шегелерде болады бір мықтылық!**

**Толғанамын, табиғаттан сыр бағып,
Тіршілікпен тынысымды бірге алып.
Жарық шашқан жұлдыздардан тұнгі аспан
Төбесіне күміс шеге тұр қағып.**

**Маңайына нәзік сәуле тараған,
Жұлдыздарға жұлдыз жанып қараган.
Күтіп тұрған өз орны бар, қағылар
Әр шегеге ұқсайтындаид әр адам.**

**Ізге толы кең даланың соқпағы,
Тоқтамайды, тисін тағдыр тоқпағы.**

Бұлтты аспанға шеге қағып жатады,
Найзаласқан найзағайдың оттары.

Сұрама, дос, мынау қалай, неге, деп,
От шығады, тасқа тасты көр егеп.
Ғасырлардай қашықтықтың арасын
Бара жатыр мұнаралар шегелеп.

Таңғы аспан қанат жайып, Құн шығар,
Құн көзімен көзін ашып гүл шығар.
Тасқа жайып қыран тұяқ тамырын
Шың басына шеге қағып тұр шынар.

Жұлдыз — шеге болып көктен жансам көп,
Тәңірге мен жалынбас ем жан сал деп.
Өмір деген мынау ұлы сарайдың
Армандаймын бір шегесі болсам деп!

КӨКТЕМ ХАБАРЫ

Қарсы алдында сөйлегендей жақын кеп,
Әр сөзі алтын, айтпай көрші, ақын деп.
Ұлым маған хат жазады қаунып —
Сібір жаққа көктем келе жатыр деп.

Дүниеге кен ашып ой жанарын,
Найзағайға қайрағандай қаламын,
Табиғаты ақын болмай қайтеді,
Ақ сүтін ол емген ақын ананың.

Құлағына сыбырлаймын жақын кеп,
«Қайтпас, қайсар тудым сендей батыр» — деп.
Мен де ұлымға хат жазамын, аңсаған —
Алатауға көктем келе жатыр деп.

Аналардың ақ сүтіндей ақ таңым,
Ақ таңымды келер сүтпен ақтағым.
Хабарлайды көгімдегі көгершін
Жер бетіне көктем келе жатқанын.

Ұмыт болып мұнарланып өткен күн,
Ақша бұлтты аспан тесі көк теңбіл.
Хабарлайды, сылқ-сылқ күліп ақ бұлак
Тау үстіне өрлегенін көктемнің...

Қош айтысып, соңғы қардай күнге өткен,
Есігімді қақпақ еді жыр көптен.
Көктем дейді күбірлеп бір бала қыз,
Көкірегінде бүршіктеген гүл-көктем...

Сағынышпен күткен күн ғой көптен бұл,
Көп кешікпей, белестерде көктер гүл.
Хабарлайды шағалалар шаңқылдал,
Көк теңізге келгендердің көктемнің.

Жер шарына аспан ортақ, шатыр боп
Тұрғандықтан, ана туған ақын көп.
Ұлым маған хат жазады «Сіз жақтан —
Сібір жаққа көктем келе жатыр» деп!.

* * *

Жас емессін,
азаматсың енді, ұлым,
Көтерерсің өмір деген жол жүгін,
Бір сен емес, Шоқан менен Сәкеннің
Ізі қалған көшесінде Омбының.

Топырағында жатыр, қазсаң, өрт-ұшқын,
(Өрт-ұшқының өлеңнің мен ерте іштім.)
Әке өмірін, құлақ тұрсең, күрсініп,
Айтып берер толқындары Ертістің.

Осы жерден солған, өнген талай гүл,
Ізі жатыр Ілиястың, Абайдың.
Қадам бассаң, сол қаланың, қарағым,
Бүгінімен өткеніне қарай біл.

Дүниеге көзіңменен қара кең,
Отаныңдан басталады бар әлем.
Әқелердің көз жасымен, қанымен
Коректенген тарих деген кәрі емен.

Жанға содан керегінді ала біл,
Аман көрген әрбір күнің — жаңа жыл.
«Сыр сандықтай» құпиясы сакталған,
Шешілмеген жұмбағы көп қала бұл...

Шақырады шалғайларға жол бүгін,
Дей алмаспын «қарны ашып, тоңды ұлым».
Қайралып жас қанаттары дауылға,
Сұңқар бол үш аспанынан Омбының!

ТАУҒА ҚАРАП

Тағдыры бар арманның,
Әділет пен жалғанның.
Жер астында тұтасқан
Тамыры бар таулардың.

Басына қарап заңғардың,
Айқай салдым, алданым.
Жүрегі бірге соғады
Дәүірі бір жандардың.

Бұлт емшегін иіткен,
Жарысар қиял киікпен.
Көзіме ыстық кең далам,
Жылуы жоқ биіктен.

**Толқынға толқын асылып,
Уақытқа, күнгө бас ұрып.
Бар асылын тереңге
Шөгер таулар жасырып...**

**Бақылаған бар ізді,
(Арман, тілек, арызды).
Таулар ұлы теңіздің
Ескерткіші тәрізді.**

**Әділет пен жалғаның
Ортасында жанғанмын.
Жасал жатқан тартылыс —
Тамыры бар таулардың,
Тағдыры бар арманның.**

**Биіктікке таңданым,
Бауырына сан бардым.
Ұстап тұрған жібермей
Жер — анасы таулардың,
Мен осыны аңғардым!**

КЕШІР, АНА

**Тұрар деуші ем жанарың шамдай жанып,
Жас қиялым ұшыпты шалғайға алып.
Кешір, ана, таппадым зиратынды,
Тегістеліп кетіпті, жерге айналып...**

**Өмір деген ашылған мың сан есік,
Мың шам жанса, қалады бір шам өшіп.
Жусан кешіп жүруші ең, қабіріңнің
Үстіне де кетіпті жусан есіп.**

**Жылтышуы ең от жағын үй-ішінді,
Көңіліңнің көңілге күйі сінді.**

Үстіңе өскен тамырлы сол жусанның
Иісінен сездім мен иісінді.

Отті өмірің бір тұтам айнала алмай,
Қайраным жоқ тағдырға, қайран ана-ай!
Тербекендей сен жатқан осы жерді
Торғайлардың тынымсыз сайрағаны-ай.

Көтеріліп, басылып көкірегің,
Киналыпсың, білмеппін, өкінемін.
Өз алдында ақырғы демінді алып,
Көз алдында көз жұмып кетіп едің...

Ақ жүзінді әжімді есіме алам,
Ұнайды онсыз өмірдің несі маған?
Қызығына тірліктің түсіп кетің,
Сирек келсем басыңа, кешір, анам.

СЕ НЕМІН

Құнім бар, көлеңкем мен бар шуағым,
Қаласаң шуағымнан ал, шырағым.
Қолымда тұр ғой бәрі, мен неге осы
Тағдырдың табанында жаншыламын.

Сырым бар, арманым бар жетпей қалған,
Жырым бар жүргегімде оттай жанған.
Есейтер қындықты тілеп көңіл
Бұрылып кетем дайын тақтай жолдан.

Жаралған бірге жермен, ғаламменен,
(Ғалам да өлшенеді санамменен.)
Бойында ашылмаған құпия бар —
Күрделі әлем екен адам деген...